

**ЕСИРКЕПОВА МАРАЛ МАХМУДОВНАНЫң**  
6D072100-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы  
бойынша «Мұнайбитумды жыныстардан және ластанған топырактан  
мұнай мен битумды алуның күрастырылған ультрадыбысты  
технологиялары» тақырыбына дайындаған философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін ізденуші ретінде ұсынған диссертациялық жұмысына  
ресми оппоненттің  
**ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпығылыми және  
жалпымемлекеттік бағдарламалармен байланысы**

Қазіргі танда әлемде мұнай тапшылығы проблемасының пайда болуына байланысты мұнайбитумды жыныстардан және мұнаймен ластанған жер қыртысындағы қалдықтардан мұнай өнімдерін алу өзекті мәселенің бірі болып тұр. Мұнайбитумды жыныстардың жоғары корлары белгілі (млрд. м. куб.): мысалы, Канада – 425, Венесуэла – 180, АҚШ – 5,5, Иран – 4,5, Мадагаскар – 3,9 яғни, кәдімгі мұнай резервтерінен жоғары болып отыр. Мұнайбитумды жыныстардың едәуір қорлары Қазақстанда да барышылық. Диссертант солардың бірі – Иман-Қара кен орындарындағы мұнайбитумды жыныстардан (МБЖ), сонымен қатар мұнай тоғандарынан, жер қамбарларынан, шлам жинағыштардан және мұнаймен ластанған топырактан мұнай мен битумды ультрадыбысты пайдаланып алу технологиясын ұсынады.

МБЖ органикалық кураушысы – битум мұнайлы дисперстік жүйе, ол майлардан, шайырлардан және асфальтендерден тұрады. Нәтижесінде молекулаарлық байланыстар түзіледі, сөйтіп жүйеде адгезиялық қасиеттер пайда болады, минералдық және органикалық бөлшектердің өзара әрекеттесуі күшіне түседі. Осының нәтижесінде минералды бөлшектен органикалық бөлшектің бөлінуі қынрайтады. Сол себепті мұнайбитумды жыныстардан және мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған жер қыртыстарынан органикалық бөлігін бөліп алу және олардан отындар, майлар, битум өндірісіне қажетті шикізаттар алу әлемдегі бүтінгі күннің күрделі және өзекті мәселелерінің бірі.

Диссертациялық жұмыс бірнеше жалпығылыми және жалпымемлекеттік бағдарламалармен байланысты жүргізілген.

**2. Диссертация талаптары шенберіндегі ғылыми нәтижелері**

- Иман-Қара кен орнының МБЖ ультрадыбысты өндеудің, еріткіштердің және беттік белсененді заттар мен флокулянттардың көмегімен органикалық болігін ажырату жылдамдығы зерттелді, негізгі параметрлерінің ықпалы анықталды, мұнай өнімдерімен қатар битумның шығымы мен оны алу жылдамдығын шектейтін факторлары анықталды;

- МБЖ және ластанған топырактан органикалық бөлігін ажырату нәтижесінде оның құрылымының өзгеретіндігі анықталды, құрамындағы

қатты бөлшектердің диспергациялану процесі жүретіндігі және қатты бөлшектер санының азайып, жаңа құрылымға ие болатындығы байқалды;

- МБЖ және ластанған топырақтан органикалық бөлігін ажырату динамикасына жұмыстық ортага тікелей үлкен амплитуданың ультрадыбысты энергияны жеткізу тасілі мен қуатты ультрадыбысты ықпалдардың әсері зерттелініп, бөліп алу тиімділігіне ультрадыбысты, сусpenзиялау, сабындау (гидролиз) процестері және механикалық араластыруды қолдану нәтижесінде тиімділігі артатындығы анықталды;

- Бөлініп алынған органикалық заттар негізінде мотор отындары, майлар және жол битумын алу технологиясы ұсынылды.

### **3. Іздешінің диссертацияда баяндаған әрбір нәтижесінің және корытындысының негізdemесі мен дәлдігінің дәрежесі**

Жұмыс нәтижелерінің дәлдігі заманауи физика-химиялық тәсілдермен зерттеу, ғылыми айналымға жаңа теоретикалық және эмпирикалық материалдарды жалпылау және енгізу, дәлдігі жоғары анализ тәсілдерін қолдану арқылы анықталды. Зерттеу жұмысында қойылған мақсаттарды шешу үшін экспериментальды физика-химиялық және аналитикалық зерттеу тәсілдері тандалған: хромотография, ИК-Фурье спектрометр; электронды сұйықтық микроскоп, рентгенді энергодисперсті микроанализатор, және т.б. Диссертацияда келтірілген корытындылардың негізdemесімен келісуге болады.

### **4. Іздешінің диссертацияда баяндаған әрбір нәтижесінің және корытындысының жаңалық дәрежесі**

Диссертациялық жұмыстың жаңалығы Иман-Қара кен орнының МБЖ және мұнаймен ластанған топырақтан еріткіштердің, беттік-белсенді заттардың, депрессорлардың, флокулянттардың қатысуымен ультрадыбыстық технологияны қолдану барысында диспергациялау, эмульгациялау, флокуляциялау нәтижесінде минералдық және органикалық бөлігін ажырату процесін жүзеге асырылды, осы арқылы мотор отындары мен битумды алудың онтайлы және экономикалық тиімді технологиясы құрастырылды.

МБЖ және мұнаймен ластанған топырақтан белінетін органикалық заттардың шығымына және оларды бөліп алу жылдамдығын шектейтін процестер анықталды.

Элементтік анализ, ИК-спектр, электронды микроскопиялық зерттеулер, хромотография әдістерін қолдану нәтижесінде органикалық заттарды ажыратып алу процесінің механизмі анықталды, яғни кристалдық құрылымдардың жаңа кристалдық-аморфты жүйеге етуі айқындалып, онтайлы және тиімді 3 сатыдан тұратын технология құрастырылды.

Ажыратып алынған органикалық бөліктің құрылымы мен химиялық құрамын және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде, оның фракциялық құрамы анықталып, мұнай өнімдері мен жол битумын алуды

қамтамасыз ететін кешенді процестердің параметрлері анықталды және тиімді шарттары айқындалды.

### **5. Алынған нәтижелердің тәжірибелік және теориялық құндыштықтары**

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелердің тәжірибелік құндыштығы Иман-Қара кен орнының мұнайбитум жыныстарынан және мұнаймен ластанған топырактан ажыратылған органикалық бөлігінен мотор отындарын, майларды және жол битумын алу технологиясы күрастырылды.

Күрастырылған комбинациялық және иілімді технология мұнайбитумды жыныстардан және мұнаймен ластанған топырактан органикалық бөлігін толық бөліп алу әдісі келешекте мұнай және мұнай өнімдері өндірісінің ғылыми негізін қалауда өз үлесін қосады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық құндыштығы мұнайбитум жыныстардан және мұнаймен ластанған топырактан ажыратып алынған органикалық бөлігінен мұнай өнімдері және битум алуды қамтамасыз ететін кешенді процестердің параметрлері анықталды.

Электронды микроскопия, ИК-спектрометрия, хромотография элементтік сараптама әдістерімен ажыратылған органикалық бөлігінде физика-химиялық қасиеттерін және құрылымын зерттеу нәтижесінде органикалық бөлігін боліп алу механизімі айқындалды.

### **6. Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар**

1. 4- және 10-кестелердің құрлысы стандартқа сай смес.
2. 3-ші сынаманың ИК-спектрі диссертацияда келтірілмеген.
3. Мұнайбитум жыныстарынан және мұнаймен ластанған топырактан органикалық бөлігін ажыратудың механизміне толықтай түсінік берілмеген.
4. Ультрадыбысты құрылғының техникалық сипаттамасы келтірілмеген.
5. Диссертацияда грамматикалық және стилистикалық қателер кездеседі.

Алайда, келтірілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың құндыштығын төмендетпейді.

### **7. Диссертацияда келтірілген зерттеулер нәтижелерінің ғылыми нәтижелерді тағайындау Ережесінің талаптарына сәйкестігі**

ЕСИРКЕПОВА МАРАЛ МАХМУДОВНАНЫҢ «Мұнайбитумды жыныстардан және ластанған топырактан мұнай мен битумды алудың күрастырылған ультрадыбысты технологиялары» тақырыбына дайындаған диссертациялық жұмысы зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы және алынған нәтижелердің тәжірибелік құндыштығы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестациялау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді тағайындау

ережесі» талаптарына толыктай сәйкес келеді, ал ізденуші Есиркепова М.М. 6D072100-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін тағайындауға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші диссертациялық  
жұмыстың ресми оппоненті  
«Атырау мұнай және газ  
университеті» КеАҚ «Мұнай химиясы»  
зертханасының менгерушісі,  
х.ғ.д., профессор

А.Т. Сағынаев

